

**Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 3-1-457қ "Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 желтоқсандағы N 16-1008қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 16 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 453 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 113-318 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 27.02.2014 № 113-318 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін басшылыққа алып, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалдауға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына сәйкес, Астана қаласының коммуналдық меншігін басқару және иелік ету тиімділігін арттыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 3-1-457қ "Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидасын бекіту туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 1 тамызда N 404 болып тіркелген, 2005 жылғы 16 тамыздағы N 112 "Астана хабары", 2005 жылғы 11 тамыздағы N 122 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 3-тараудың 1-параграфының 3-тармағының екінші абзацында "мекемелерге" деген сөзден кейін ", акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға және заңды тұлғаларға;" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 3-тараудың 1-параграфының 3-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын "ауданы 100 шаршы метрге дейінгі орын-жайды бір жылға дейінгі мерзімге жалға беру."

2. "Астана қаласының Қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіпте енгізілген толықтырулардың тіркелуін және Астана

қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру кезінде олардың сақталуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Б.С. Смағұловқа жүктелсін.

*Әкім*

*Әкімнің бірінші орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*Мемлекеттік-құқықтық*

*бөлімінің меңгерушісі*

*Экономикалық талдау және*

*мониторинг бөлімінің меңгерушісі*

*"Астана қаласының Қаржы департаменті"*

*мемлекеттік мекемесінің директоры*